

Қазақстан Республикасы
Шымкент қаласы
«Арофат» мектебі» ЖШС
160050 инд; Шымкент қаласы
Қаратау ауданы Сайрам т/а
Ибрагим ата көшесі № 347
E-mail: arofat.shkola@mail.ru



Республика Казахстан
город Шымкент
ТОО «Школа «Арофат»
160050 инд; город Шымкент
Каратайский район ж/м Сайрам
улица Ибрагим ата № 347
E-mail: arofat.shkola@mail.ru

БҮЙРЫҚ №26/1

2023 жыл «15» қыркүйек

**«Оқушыларды тегін ыстық тамақпен
қамтамасыз ету»**

ПРИКАЗ №26/1

«15» сентября 2023 года

**«Об обеспечении горячим питанием
учеников»**

Шымкент Қаласының Білім Басқармасының 15.09.2023 ж. № 10-11-08/4900 сәйкес

БҮЙЫРАМЫН:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген сайлауалды бағдарламасында барлық бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету тапсырмасын орындауда қаладағы жекеменшік мектептердегі 1 - 4 сынып оқушылары үшін барлық заңнама талаптарын сақтай отырып, келісілген жұмысшы топтың хаттамалық шешіміне сәйкес (Қала әкімі F.Сыздықбековтың 2023 жылғы 08 қыркүйектегі №113 хаттамасы, Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.Асыловтың 2023 жылғы 08 қыркүйектегі №27 хаттамасы):

Әлеуметтік маңыздылығын ескере келе жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаржыны тиімді жұмсау үшін жекеменшік мектептердегі бастауыш 1 - 4 сынып оқушыларына бөлінген ыстық тамақ қаржысын ата-аналардың есеп шотына тікелей аудару және ол жөнінде жекеменшік білім ұйымдары мен ата-аналар арасындағы келісім шартқа тиісті түзетулер енгізу ұсынылды.

Тамаққа бөлінген қаржыны ата-ананың шотына аудару алгоритмі:

1. Жекеменшік мектептермен 2023 жылдың 13 қыркүйегінен бастап оқитын жерінде 1 - 4 сынып оқушыларының ата-аналарымен шарт жасайды.

2. Шартқа сәйкес ата-ана:

– баланы мемлекет тарапынан бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін қолданыстағы жеке есеп шотын немесе жаңадан есеп шотын ашып, Шымкент қаласы білім басқармасына ұсынады;

– мемлекеттен түсken қаржыны баланы ыстық тамақпен қамтуға бағытталған шараларды ұйымдастыруға міндеттеме алады;

– жекеменшік мектеппен бір реттік тамақ беру туралы шарт жасауға міндеттеме (келісім бойынша) алады;

– егер есеп шоты қандай да бір себептермен (несие, салық және басқа да жағдайлар бойынша қалыптасқан қарызы) бұғатталған жағдайда ыстық тамаққа бөлінген қаржыны,

ата-ананы алмастыратын тұлғалардың есеп шотына аудару туралы Шымкент қаласы білім басқармасына өтінім береді.

3. Ата-ана жекеменшік мектеппен бір реттік тамақ беру туралы шарт жасайды, ата-анада балаға берілетін тамақты санитарлық қағидаларға сәйкес берілуіне шартқа сәйкес бақылау жасай алады.

4. Шымкент қаласы білім басқармасы жекеменшік мектептермен меморандум жасайды:

5. Меморандумға сәйкес жекеменшік мектеп ай сайын «Күнделік» жүйесі арқылы, балаларды А.Т.Ж., ЖСН, сабакқа барған күндері (табель) туралы мәліметті Шымкент қаласы білім басқармасына ұсынады.

6. «Қазынашылық-банкке», МТЗ-102 бағдарламасы арқылы тамақ ішкен әр баланы тізімі көрсетіле отырып, әр ата-ананың жеке есеп шотына тамағы үшін шығындарына төлемдер жасалынын.

*Негіздеме: 15.09.2023 ж. № 10-11-08/4900 Шымкент қаласының Білім Басқармасының
бұйрығы – 2 бетте*

6 қосымша: 13 бетте

«Арофат мектебі» ЖШС директоры



Р.В. Пак